

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 маусымдағы N 807 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 13 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Би-Логистикс жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 маусымдағы N 807 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін :

2-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"заңнамада белгіленген тәртіппен жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі комитетінің шешімі бойынша сот тәртібімен алып қойылған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыру болып айқындалсын".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі